

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 401 Қаулысы

«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы Заңына және «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Астана қаласында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл толуына байланысты іс-шараларды дайындау және өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне 2011 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Астана қаласының көлік инфрақұрылымын дамытуға нысаналы трансферттер түрінде Астана қаласының әкімдігіне аудару үшін 60000000000 (алты миллиард) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов